

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясы**

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМАСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ
ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ» ПӘНІ БОЙЫНША
ЕСЕПТЕР ЖИНАҒЫ**

ҚАРАҒАНДЫ - 2023

АВТОРЛЫҚ ҰЖЫМ: Қылмыстық құқық және криминология кафедрасының бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, полиция полковнигі *Г.Ж.Мухамадиева*, кафедраның аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі, полиция подполковнигі *Ө.А.Турганов*, кафедра оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі, полиция майоры *Ж.С.Бижанова*.

ШКІР ЖАЗҒАНДАР:

Заң ғылымдарының кандидаты, доцент Ж.А.Кенбаев

Заң ғылымдарының кандидаты, доцент Б.У. Сейтхожин

Магистранттар мен докторанттар үшін «Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасын қолдану теориясы мен практикасы» пәні бойынша есептер жинағын ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының Қылмыстық құқық және криминология кафедрасының ұжымы дайындады. Жинаққа сот-тергеу практикасынан оқу мақсатында арнайы өңделген мысалдар енгізілген. Ұсынылған тапсырмаларда нақты оқиғалар және адамдармен кез-келген ұқсастық шартты болып табылады.

Қазақстанның заң оқу орындарының магистранттарына, сондай-ақ тәжірбиедегі заңгерлерге жолданады.

Есептер жинағы академияның Оқу-әдістемелік кеңесінің отырысында талқыланған және мақұлданған 2023 жылғы «___» _____ № ___ хаттама

ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен жарияланады.

АЛҒЫСӨЗ

Қазақстан Республикасының Жоғары заң оқу орындарында қылмыстық заңнаманы қолдану теориясы мен тәжірбиесін зерделеуде тәжірбиелік сабақтарға маңызды рөл беріледі. Тәжірбиелік сабақтардың негізгі мақсаты-студенттерді қылмыстық заңды сот-тергеу тәжірбиесінің нақты жағдайларына дұрыс қолдануға үйрету. Тәжірбиелік сабақтар Қазақстан Республикасының қолданыстағы қылмыстық заңнамасын, қылмыстық құқық теориясын тереңірек игеруге, нақты практикалық жағдайларды шешу кезінде білім алушыларда пәнді зерделеу әдістемесін және өзіндік жұмыс дағдыларын әзірлеуге жәрдемдесуі тиіс.

Есептер жинағын жасау кезінде авторлық ұжым Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының ережелеріне, сондай-ақ қылмысқа қарсы күрес міндеттеріне сүйенді. Осыған сәйкес тәжірбиелік есептер курс бағдарламасының барлық мәселелерін қамтитын, қолданыстағы қылмыстық заңнаманың мазмұнын толық көрсететін, оны қолдану теориясы мен тәжірбиесінің ең даулы мәселелерін ескеретіндей жасалды.

Қарастырылу үшін ұсынылған есептер сот-тергеу тәжірбиесінен сәйкесінше қайта қаралған мысалдар немесе оқу мақсаттары үшін жасанды түрде жасалған қылмыстық мінез-құлық сюжеттері болып табылады.

Есептерде баяндалған мән-жайлар анықталған деп болжанады. Алайда, жекелеген тапсырмаларда сюжеттің фабуласына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге және осылайша жаңа, өзгертілген есеп нұсқаларын жасауға болады. Тәжірбиелік есептердің мазмұнына өзгертулер мен толықтырулар енгізу әдейі көзделген және тапсырмасында ұсынылған.

Есептерді шешу кезінде шешімнің негізділігі мен уәждемесіне ерекше назар аудару қажет. Ол заңнамалық базаға, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларына, қылмыстық құқықтың теориялық ережелеріне сүйенуге және есепте қойылған талаптарға ғана емес, одан тікелей туындайтын басқа да сұрақтарға жауаптарды қамтуы тиіс.

Авторлық ұжым ұсынылған есептер жинағы «Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасын қолдану теориясы мен тәжірбиесі» курсы зерделеуге қажетті көмек көрсетеді деп үміттенеді. Осы жинақ бойынша өз ескертулеріңіз бен ұсыныстарыңызды Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбаек Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының Қылмыстық құқық және криминология кафедрасына жіберулеріңізді сұраймыз.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ МЕН ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢЫ

1. Қазақстан Республикасының азаматы Ростовцев Қарағанды-Мәскеу пойызында, құрамның Ресей аумағында жүріп келе жатқанында, масаң күйінде Польша азаматы Бжезинскийдің денсаулығына ауыр зиян келтірді. Дене жарақаты 2022 жылдың 31 желтоқсанында келтірілген, ал 2023 жылдың 2 қаңтарында Мәскеуде көрсеткен медициналық көмекке карамастан, Бжезинский алған жарақатынан қайтыс болды.

Осы қылмыстың орны мен уақытын анықтаңыз. Қылмыстық заңда қылмыс жасалған жер ұғымы қалай анықталады?

Бұл жағдайда қандай қылмыстық заң қолданылуы тиіс?

2. Вьетнам азаматы Хо Чхан Су қазақстандық жоғары оқу орындарының бірінің студенті бола тұра, Алматы қаласында өз отандастарынан ақша бопсалаумен айналысқан.

Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының аумағында қылмыс жасаған жағдайда қылмыстық жауаптылығы туралы мәселе қалай шешіледі? Қазақстан Республикасының аумағы деп не түсініледі? Хо Чан Сюдің қылмыстық жауапкершілігі туралы мәселені шешіңіз?

3. Қазақстандық туристер Павлов пен Ушаков Каспий теңізіндегі қазақстандық «Керемет» кемесінің бортында отырып, өзара дауласты. Сол уақытта Павлов Ушаковқа бірнеше соққы беріп, денсаулығына орташа зиян келтірген.

Павловты қай мемлекеттің заңы бойынша қылмыстық жауапкершілікке тарту керек? Қазақстан Республикасының әуе және теңіз кемелерінде жасалған қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылықтың ерекшеліктері қандай? Егер кеме Баку портында болса, мәселенің шешімі өзгере ме?

Талқылауға нұсқаулар келтіріңіз.

4. Қуанышев-ашық теңізде орналасқан қазақстандық сауда кемесінің матросы, орын алған ұрыс кезінде матрос Ивановтың жүрек тұсынан пышақпен ұрады, нәтижесінде Иванов сол жерде қаза тапты.

Қандай заң бойынша Қуанышевті кісі өлтіргені үшін жауапкершілікке тарту керек?

Талқылаудың нұсқаларын келтіріңіз.

5. Қырғызстан азаматы, билік өкілдерімен жалған ақша жасағаны үшін қудалануда және Қазақстан аумағында жасырынып, ұсталған.

Қазақстан билік өкілдері Қырғызстан азаматын шет мемлекеттің билік өкілдеріне беруге міндетті ме?

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

6. Прошин Беларусь Республикасында зорлық қылмысын жасағаны үшін сотталды. Жазасын өтегеннен кейін Қазақстанға оралып, ол қайтадан зорлау қылмысын жасады. Прошиннің іс-әрекетін сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары ҚР ҚК 120-бабы 2-бөлігінің «4» тармағы бойынша саралаған.

Жасалған қылмысқа берілген қылмыстық-құқықтық бағамен келісуге болады ма?

Талқылауға мысалдар келтіріңіз.

7. Ресей азаматы Стрелков виза алу үшін Мәскеудегі Қазақстан елшілігіне келді. Оған виза алудан бас тартылғаннан кейін, Стрелков Елшіліктің қызметкері Қазақстан азаматы Тоқтаровты ұрып тастады. Стрелковты елшілік қызметкерлері қоғамға қауіпті әрекет жасағаннан кейін ұстады. Елші Ресей билігіне Стрелковты Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша жауапкершілікке тарту үшін оны Қазақстан Республикасының Құқық қорғау органдарына беруге ниетті екенін айтты.

Стрелковтың жауапкершілігі туралы мәселені қалай шешуге болады?

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

8. Мейрамханада төбелес болды. Белгісіз адам даяшыларды қорлай бастады, ескертулерге жауап бермеді, содан кейін полиция қызметкерлері шақырылды. Жеке басын анықтаған кезде белгісіз адам шетелдік дипломаттың ұлы болып шықты.

Бұл жағдайда кінәлі адамға қандай шаралар және қандай тәртіппен қолданылуы мүмкін?

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

9. Өз көлігімен туристік сапар жасай отырып, шет мемлекеттің аумағындағы Кузьмин жаяу жүргіншіні қағып кетті, ол үшін ол жауапқа тартылды. Жазасын өтегеннен кейін Кузьмин Қазақстанға оралды.

Шетелде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған Қазақстан азаматтарының жауапкершілігі туралы мәселе қалай шешіледі?

Кузьминнің жасаған қылмысы үшін жазасын шетелде өтегені ескеріле ме?

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

10. Басқа әйелмен көзіне шөп салғаны үшін Харчукова өзінің күйеуінен кек алмақшы болады. Кек алу мақсатында ол, Алматы қаласынан Калининград қаласына іссапарға бара жатқан күйеуінің шампан құйылған фужеріне у салып жіберді. Күйеуі ұшақ Екатеринбургтың төбесінде ұшып бара жатқанда қаза тапты.

Харчикованың жасауапкершілігі туралы мәселені шешіңіз.

Қылмыстық құқық бұзушылық жасалған жер қалай анықталады?

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ КӨПТІЛІГІ

1. Азамат Иванченко Тараз қаласында бірқатар қылмыстық құқық бұзушылықтар жасады. Б.азаматының пәтеріне кіріп, жалпы сомасы 89000 теңгеге түрлі заттарды ұрлап әкеткен. Тағы бір күні пышақпен қорқытып, кәмелетке толмаған Базаровтың велосипедін иемденіп, оны белгісіз адамға сатты. Кейінірек кіреберіс есікті бұзу арқылы азамат З. - ның пәтеріне кіріп, 186000 теңгеге заттарды ұрлап кетті.

Жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптілігін анықтаңыз.

Идеалды жиынтық пен шынайы жинтықтың айырмашылығы неде?

Іс-әрекетті саралаңыз.

2. Рамазанов, Андреев, Воронин А. жүргізушісіне шабуыл жасап, ұрып-соғып, орташа ауырлықтағы денсаулығына зиян келтіріп, содан кейін қолын байлап, далада қалдырды, ал өздері көлікті айдап кетті.

Кінәлілер қанша қылмыстық құқық бұзушылық жасады?

Күрделі қылмыстық құқық бұзушылық дегеніміз не?

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

3. Волков кесінді (обрез) атыс қаруын белгісіз адамдардан заңсыз сатып алып, оны бір жыл бойы үйінде шкафта сақтады.

Волковтың әрекеттеріне баға беріңіз.

Оның әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы бар ма? Волков кісі өлтіру мақсатында қаруды сатып алғаны анықталса, сіздің шешіміңіз өзгере ме?

4. Ларин қараусыз қалған бақта мас күйінде азамат П. - ға шабуыл жасап, оны ұрып-соғып, өлтіремін деп қорқытып, зорлады, содан кейін

жәбірленушіні жерде ұстап, қайтадан өлтіремін деп қорқытып, жәбірленушіні қайтадан зорлады.

Іс-әрекетті саралаңыз.

Ларинның іс-әрекетінде қылмыстың көптілігі бар ма? Егер Лариннің зорлау қылмысын қайтадан жасағаны белгілі болса, сіздің шешіміңіз өзгере ме?

5. Яковлев белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адам бола отырып, 2022 жылдың 4-7 ақпаны аралығында саяжай учаскесінің қоршалған аумағында орналасқан торлардан Л. - ға тиесілі алты қазды жасырын ұрлаған, нәтижесінде Л.-ға 76000 теңге шығын келтірілген. Ал 2022 жылдың 24 маусымында Д. - ға тиесілі саяжай учаскесінде Овчаренкомен алдын ала сөз байласып, қоймаға кіріп, сол жерден құны 162000 теңге тұратын «Орал» мотоциклін ұрлап кетті.

Іс-әрекетті саралаңыз.

Яковлевтің әрекеттерінде қылмыстың көптілігі белгілері бар ма?

Сотпен бірінші жасалған іс-әрекет болмашы деп танылса, сіздің шешіміңіз өзгере ме?

6. Беспалов үй-жайға заңсыз кіріп ұрлық жасағаны үшін 3 жыл 6 айға бас бостандығынан айырылды. Алайда, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына байланысты жазасын өтеуден рақымшылық жасалғаны үшін босатылды. Бостандыққа шыққаннан 3 апта өткен соң Беспалов үй-жайға заңсыз кіру жолымен, тағы да ұрлық жасады.

Іс-әрекетті саралаңыз.

Беспаловтың әрекеттерінде қылмыстардың қайталануы бар ма?

7. Түнде «Мицубиси-Паджеро» көлігін масаң күйінде басқарған Иранов жол ережелерін бұзып, жәбірленуші Д.-ны қағып кетті, жауапкершіліктен қорқып, куәгерлердің жоқтығын пайдаланып, Иранов жол-көлік оқиғасы орны мен өміріне және денсаулығына қауіп төнген жәбірленушіні қалдырып кетіп қалады. Соққы нәтижесінде жәбірленуші көптеген жарақаттар алып, бір күннен кейін ауруханада қайтыс болған.

Іс-әрекетті саралаңыз.

Ивановтың әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бар ма?

8. Шишкин жазда Тараз-Луговой тас жолының жанындағы далада жабайы қарасораның жоғарғы бөлігінде орналасқан жапырақтарын жинап, оны жеке тұтынуы үшін сақтады. Үлкен ағасының сапары кезінде, Шишкин бірнеше килограмм қарасора жинап, кептіріп, алақанымен механикалық әсер

ету арқылы ұсақтап, ағасына 11,7 г дайын марихуананы жеке пайдалануы үшін берді.

Шишкиннің әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптілігі бар ма?

Оның әрекеттерін саралаңыз.

Егер Шишкиннің есірткіні заңсыз сатып алғаны және сақтағаны үшін бұрын сотталғаны белгілі болса, сіздің шешіміңіз өзгере ме?

9. Кравчук денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіргені үшін (ҚР ҚК 106-б, 1-б.) соттылығы бола тұра, адам өлтірді.

Бұл жағдайда қылмыстың қайталануының қандай түрі орын алып отыр?

10. Кәмелетке толмаған кезінде жасалған тонау қылмысы үшін соттылығы бар Горина Сомов және Ваничпен бірге «ТТ» маркалы тапаншамен қаруланып, инкассаторға қарақшылық шабуылын жасады.

Іс-әрекетті саралаңыз.

Горинаның әрекеттеріндегі қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптілігін анықтаңыз.

11. Ұрлық қылмыстарын жасағаны үшін бірнеше рет сотталған Очков, бұрын Қырғызстанның қылмыстық заңнамасы бойынша бопсалау және тонау үшін сотталған Махмудовпен алдын-ала сөз байласып А азаматына қарақшылық шабуылын жасаған.

Қарағанды қ. Қазыбек би ауданы сотының үкімімен екеуінің де іс-әрекетінде қауіпті қайталанудың белгілері бар деп танылып, ҚР ҚК 192-бабының 2-бөлігі бойынша әрқайсысы төтенше қауіпсіздік мекемесінде өтеу жазасы көзделіп, сотталды.

ҚР қолданыстағы қылмыстық заңнамасының негізінде қауіпті қайталанудың болуы дұрыс танылды ма?

Қайталануды қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптілігінің бір түрі ретінде сипаттаңыз.

ҚР ҚК-нің 14-бабында көзделген соттың адамда қауіпті қайталану белгілерінің бар-жоғын тану тәртібі мен негіздері туралы Ережесін талдаңыз.

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРҒА ҚАТЫСУ ТУРАЛЫ ІЛІМ. ТОП ЖАСАҒАН ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ҮШІН ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК.

1. Сизов Розовқа Воронованың пәтерінде көп ақша бар екенін айтты. Розов оларды иемденуді ұсынды. Олар Воронова Сизовты тануы

мүмкін болатындықтан, ақшаны Розов алады деп келісті. Түнде үйге келіп, Сизов Воронованың пәтерін Розовқа көрсетті, ал өзі баспалдақ алаңындағы қоршаған ортаны бақылап отырды. Розов пәтерге алаяқтық жолмен кіріп, Воронованың денсаулығы мен өміріне қауіпті зорлық-зомбылық көрсетіп, ақшаны иемденді, содан кейін Розов пен Сизов ақшаны екіге бөлді.

Іс-әрекетті саралаңыз.

Талқылауға басқа ұсыныстар келтіріңіз.

2. Раков пен Камышов дүкеннен ұрлық жасауға келісті. Осы мақсатта олар дүкеннің жанына келді. Камышов терезедегі торды бүгіп, Раков терезені сындырып, ішке кіріп, ұрланған мүлікті Камышовқа бере бастады. Содан кейін Раков пен Камышов ұрланған ақшаны бірлесіп сатты, ақша араларында бөлінді.

Жасалған іс-әрекетті қалай саралаймыз?

Камышовтың іс-әрекеттерін үй-жайға заңсыз кіру деп саралай аламыз ба?

3. Торегулов бастаған террористік ұйым саяси талаптар қойып, 20 адамды кепілге алды. Кепілге алынған топты Мамедов басқарды. Қизатов қатардағы орындаушы болды. Олардың барлығы атыс қаруын алып жүрді. Кепілге алынған адамдарды босату үшін ғимаратқа шабуыл жасау туралы шешім қабылданды. Шабуыл кезінде полиция қызметкерлерінің қаруынан 2 кепілге алынған адам қаза тапты. Қалған кепілге алынғандар босатылды. Лаңкестердің қолында қару-жарақ болғанымен, қару-жаракты қолдануға мүмкіндік болмады. Торегулов, Қизатов және Мамедов тірі қалды.

Торегулов, Қизатов және Мамедовтың іс-әрекетін саралаңыз.

Талқылауға басқа да нұсқаулар келтіріңіз.

4. Ларин мен Нагиев жәбірленуші Ивлевтің саябақта жерде жатқанын көріп, бірдеңе ұрлау ниетімен қалталарын тінтуге шешім қабылдады. Алайда, олар Ивлевті аударма алмады және өтіп бара жатқан Пекшевтен оларға көмектесуін өтінді. Содан кейін Ларин мен Нагиев жәбірленушінің қалтасынан әмиянды алып кетті. Жәбірленуші орнынан тұрып жүгіріп бара жатқанда, Ларин қалғандарына көртесін шешіп алу үшін оны қуып жетуді ұсынды. Үшеуі де жәбірленушіні қуып жеткенде, Пекшев оған бет аймағына бірнеше рет соққы берді, содан кейін үшеуі Ивлевтен көртесі мен етіктерін шешіп, бәрін өздерімен бірге алып кетті.

Бұл жағдайда алдын-ала сөз байласу бар ма?

Ларин мен Нагиевтың іс-әрекетінде өмірге немесе денсаулыққа қауіпті емес зорлық-зомбылық көрсету болды ма?

5. Исин Демидовтан шағын калибрлі мылтық сатып алып, оны кесіп тастап, үш адамнан тұратын (Зинченков, Кеңесов және Уваров) топ ұйымдастырды. Бірнеше ай бойы топ көрші облыстардың аудандарында

дүкендер мен жеке азаматтарға шабуылдап, тонау қылмысын жасады. Шабуыл мен тонау үшін, кесілген қарудан (обрезден) басқа, Пазылбековке тиесілі автокөлік қолданылды. Топ мүшелері ұрланған заттарды тығуға көмектескен Ысқақов пен Ғалиевтен пана тапты. Демидов мылтық сатқан кезде қылмыстық топ ұйымдастырылып жатқаны туралы білді.

Қатысушылардың қатысу түрлерін анықтаңыз.

Талқылаудың басқа да нұсқаларын жасаңыз.

6. Тергеу органдары Добролежинді қарақшылық шабуыл жасағаны үшін іздеді. Бір күні ол досының анасы Пономареваға жұмысқа келді. Пономарева Добролежиннің қылмыс жасағанын және оның құқық қорғау органдарынан жасырынғанын біліп, оны түскі аспен тамақтандырды, содан кейін Добролежин кетіп қалды.

Пономареваның әрекеттерінде қылмысқа қатысудың белгілері бар ма?

Іс-әрекетті саралаңыз.

Талқылаудың басқа да нұсқаларын жасаңыз.

7. Протасов пен Петров ұрлық туралы алдын-ала сөз байласып, жеке фирманың қоймасына заңсыз кірді. Протасов жабдықтарды жинады, ал Петров кіреберісте жағдайды бақылап отырды. Күтпеген жерден қолында таяқпен күзетші Медведев пайда болды. Петров Медведевтен таяқты жұлып алып, Медведевті басы мен мойнынан өлгенше ұрды. Болған оқиға туралы Петров Протасовқа хабарлады, Протасов Медведевтің мәйітін жертөлеге сүйреп апарды, содан кейін кінәлілер ұрланған мүлікпен қашып кетті.

Қатысушылардың қатысу түрлерін анықтаңыз.

Протасов пен Петровтың іс-әрекетін саралаңыз.

Талқылаудың басқа да нұсқаларын жасаңыз.

8. Семенов ұрылар Коротков пен Каробовпен қылмыстық байланысқа түсіп, олардан ұрланған заттарды жүйелі түрде сатып алып, содан кейін оларды базарда қайта сатты.

Бұл жағдайда қылмысқа қатысу бар ма?

Не жасағаны үшін Семенов жауапқа тартылуы тиіс?

Талқылаудың басқа да нұсқаларын жасаңыз.

9. Бірнеше рет сотталған Ушаков Шаповалов пен Мироновты қылмыстық әрекетке тартты. Алдын ала жасалған жоспар бойынша Шаповалов пен Миронов кешке атыс тиріне кіріп, тир меңгерушісі Абасовқа шабуыл жасап, пышақ және ломикпен ұрып өлтіріп, үш спорттық мылтық, сондай-ақ оларға 150 патрон алды. Түнгі уақытта атыс қаруымен, Ушаков, Шаповалов және Миронов түнгі ауысымнан үйге оралған Блиновқа қарақшылық шабуылын жасап, одан 30000 теңге алып кетті. Сол қарудың көмегімен Ушаков, Шаповалов және Миронов тауарлар мен ақшаны ұрлау

мақсатында сауда орталығының күзетшілеріне шабуыл жасап, өлтіріп, дүкенге кірді. Осы уақытта келіп жеткен полиция қызметкерлерімен ұсталған.

Қатысушылардың қатысу түрлерін анықтаңыз.

Қатысудың субъективті және объективті белгілерін атаңыз.

Талқылаудың басқа да нұсқаларын жасаңыз.

10. Харин сыра дүкенінің жанында тұрып Лосевпен жанжалдасып қалады, нәтижесінде соңғысы оны ұрып-соғады. Лосевке ашуланған Харин үйге барып, жанжал орнына пышақпен оралды. Оның қолында пышақ бар екенін көріп, Лосев қашады. Харин артынан қуады. Осы кезде көшеде сыра дүңгіршегіне бара жатқан Кротов, Лосевтың аяғынан шалып жерге құлатады. Қуып жеткен Харин Лосевтың жерге құлағанын пайдаланып, Лосеқа бірнеше рет пышақпен дене жарақатын келтіреді. Лосев қайтыс болды.

Кротовтың іс-әрекетінде қатысу белгілері бар ма?

Қатысудың субъективті және объективті белгілерін атаңыз.

Талқылаудың басқа да нұсқаларын жасаңыз.

11. Жүргізуші Мусин мен жүк тасымалдаушы Зубов келісім бойынша құрылыстан 200 парақ шифер мен 40 000 дана кірпіш ұрлап кеткен. Зубов өзінің танысы Сундуковтан ұрланған құрылыс материалдарын сарайына жасыруға көмектесуін өтінді. Сандуков келісті. Ұрланған заттар қоймаға тығылды. Кейіннен ұрланған заттар полициямен сол қойманың ішінен табылды.

Мусин мен Зубовтың әрекеттері ұрлыққа қатысудың қандай түрін құрайды?

Сандуковты ұрлыққа қатысушы деп тануға бола ма?

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТАҒЫ ӘРЕКЕТТІҢ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫН БОЛДЫРМАЙТЫН МӘН-ЖАЙЛАР ИНСТИТУТЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ТӘЖІРБИЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

1. Жолда жолаушылары бар қалааралық автобусты полиция формасын киген үш белгісіз адам тоқтатты, олар қару қолдану қаупімен жолаушылардан құндылықтарды алып, «Ауди» көлігіне мініп, кетіп қалды. Автобус жүргізушісі Иванов барлық жолаушыларды түсіріп, көліктің артынан қуды. Теміртау қаласына кірген кезде ол қылмыскерлерді басып озып, олардың көлігін қағып кетті. Нәтижесінде автобус айтарлықтай зақымданды және сәйкесінше автокөлік шаруашылығына айтарлықтай зиян келтірген.

Автобус жүргізушісі қол сұғушылық жасаған адамды ұстау мақсатында қажетті қорғаныс шегінде әрекет етті ме немесе аса қажеттілік жағдайында әрекет етті ме?

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз

2. Пойыз вагонында қатты масаң күйінде болған Уваров қалтасынан жиналмалы пышақ алып, сермеп жолаушыларды ұра бастады. Тиісті тойтарыс бермегендіктен, ол 56 жастағы Алексеевтің иығынан пышақпен ұрды, бірнеше жолаушының куртқаларын кесіп тастады. Уваровты вагонға мінген полиция лейтенанты Сарамқұлов тапаншадан атып «тоқтатты». Алайда, бұзақының иығына зақым келген оқтан кейін де соңғысы тынышталмады және азаматтарға пышақпен қорқытуды жалғастырды. Тек екінші атыс Уваровты тоқтатты. Уваров және Алексеев жарақаттарымен ауруханаға жеткізіліп, құтқарылды.

Уваров пен Сарамқұловтың іс-әрекетіне құқықтық баға беріңіз.

Сарамқұловтың іс-әрекеті заңды ма?

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз

3. Волкова жұмыстан кейін кешке үйіне оралып, бұрын таныс емес Кузнецовпен кездесті, ол Волкованы қонаққа шақырды. Бас тартқаннан кейін, Кузнецов оны жақын маңдағы бос ғимаратқа мәжбүрлеп кіргізді және өзінің ниетін жасырмай, онымен жыныстық қатынасқа түсуді ұсынды. Волкова бөлмеден шығып, көмекке шақыруға тырысты, бірақ бұған жауап ретінде Кузнецов Волкованың беті мен денесін бірнеше рет ұрып, киімін жыртып, еденге тастады. Волкова еденде жатқан кірпішті ұстап алып, оның басынан бірнеше рет ұрып, заттарын ұстап алып, қашып кетті. Сол күні Волкова полицияға жүгінді. Кузнецовқа қатысты қылмыстық іс тіркелді, ал 7 күннен кейін күдіктінің қайтыс болуына байланысты тоқтатылды.

Волкова қылмыстық жауапкершілікке тартылады ма?

Волкова қажетті қорғаныс шегінен шықты ма?

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз

4. Жолаушылар ұшағының ұшуы кезінде ұшақтың құйрық бөлігінде орналасқан қаптамада сыну белгілері пайда болды, бұл кемедегі температураның күрт төмендеуіне әкелді. Кеме командирі Шаповалов апаттың сөзсіз екенін көріп, ұшқыштардың біріне аяздан қорғау шараларын қолдана отырып, артқы бөліктің қаптамасындағы сынған бөліктерді ұстауды тапсырды.

Тапсырма орындалды, апаттың алдын алды, бірақ ұшқыш қолын үсітіп алды, бұл оны үшінші топтағы мүгедек деп тануға негіз болды.

Шаповаловтың іс-әрекетіне іс-әрекеттің қауіптілігін жоққа шығаратын жағдайлар туралы ілім тұрғысынан талдау жасаңыз.

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

5. Зарин тыйым салынған уақытта тиісті рұқсатынсыз жабайы үйректерді аулады. 6 өлтірілген үйрекпен аң аулаудан оралғаннан кейін оны орманшы Миронов тоқтатты. Орманшы заңсыз аң аулау фактісін, құқық бұзушының жеке басын анықтап, соңғысынан заңсыз ауланған үйректерді тәркілеп, Зариннен онымен бірге полиция бөліміне баруды талап етті. Алайда Зарин оның талабын орындаудан үзілді-кесілді бас тартты. Содан кейін Миронов Заринді күшпен полицияға апаруға шешім қабылдады және қолын арқасынан тартуға тырысып, Заринның қолының сынуына әкелді.

Орманшының іс-әрекетіне баға беріңіз. Мироновтың Заринды ұстап алу барысында жасаған әрекеттерін заңды деп табуға болады ма?

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

6. Техник-лейтенант Амрин өзінің қарамағындағы Стриженовке көлік жүргізуге құқығы жоқ екенін біле тұра, көлікті гараждан алып, өзінің артынан жүруге бұйрық берді. Стриженов алдыңғы машинаны айналып өтіп бара жатып, өзі басқарған автокөліктің оң жағын сол автокөлікке соғып, артында отырған жолаушылардың біріне дене зақымы келтіреді.

Іс-әрекеттің қауіптілігін жоққа шығаратын жағдайлар туралы ілімге сәйкес, Амрин мен Стриженовтың іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

7. Екі монтер жоғары вольтты электр желісінің жанында жұмыс жасады. Біреуі биік баспалдақта тұрды, ал екіншісі төменнен материалдар мен құралдарды ұсынды. Жұмыс барысында баспалдақта тұрған монтер Электр желісінің сымдарына абайсызда ілініп, оның өміріне қауіп төнді. Жолдасын құтқару кезінде тағы төменде тұрған монтер жәбірленушінің аяғының астынан баспалдақ қағып, соңғысы бетон еденге құлап, ауыр жарақат алды.

Екінші монтер аса қажет жағдайда әрекет еткенін мойындауға бола ма?

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

8. Жедел уәкіл Сидоров іздеуде жүрген аса қауіпті қылмыскер Ботпаевты қуып келе жатып, жасырынған Ботпаевты басып озу және ұстау мақсатында жол жиегінде тұрған аз. Потанинға тиесілі жеңіл машинаны пайдалануға мәжбүр болды. Қудалау нәтижесінде Ботпаев ұсталып, құқық қорғау органдарына жеткізілді, ал Потаниннің автокөлігі бүлініп, қалпына келтірілмейтіндей жағдайда болды.

Сидоровтың әрекеттері аса қажеттілік, негізді тәуекел немесе қылмыскерді ұстау болып табылады ма?

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

9. Құқық қорғау органдарының қызметкері Орлов қылмыстық ұйымның барлық мүшелерін әшкерелеу мақсатында жалған ақша сатумен айналысатын қылмыстық топқа енгізілді. Қылмыстық әрекетке еліктей отырып, Орлов жиырма мың жалған АҚШ долларын сатып алғысы келетін тұлғаны тапты. Екі тараппен жалған АҚШ долларын сату және сатып алу болатын кездесу орны мен уақыты туралы келісіп, Орлов бұл туралы Құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне хабарлады. Жүргізілген операция нәтижесінде қылмыстық ұйымның барлық мүшелері анықталды және қылмыстық жауапкершілікке тартылды

Орловтың әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық база беріңіз.

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

10. Медицина ғалымдары Макаров пен Крыловтың мүгедектікке әкелетін, емделуі қиын, кең таралған ауруға қарсы вакцина ойлап тапты. Вакцинаны іс жүзінде тексеру үшін олар оны балаларына беріп көрді, нәтижесінде балалары ауыр сырқатқа ұшырады.

Бұл жағдайда экспериментаторлардың әрекеттері заңды ма?

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

ЖАЗАЛАУ ТУРАЛЫ ҒІЛМНИҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯСЫ. ЖАЗАНЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН ТҮРЛЕРІ. ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАУ

1. Сот 16 жасар Томаринды денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіргені үшін кінәлі деп тауып, оны қауіпсіздігі барынша төмен қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінде жазасын өтеу үшін алты жылға бас бостандығынан айырды.

Соттың әрекеттері заңды ма?

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

2. Бакенов қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінде үш жылға бас бостандығынан айырылып, жазасын өтеп жатыр. Бұрын Бакенов қылмыстық жауапкершілікке тартылмаған.

Сот Бакеновке қауіпсіздігі барынша жоғары қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінде жазасын тағайындауға құқылы ма?

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

3. 14 жастағы Кожухов өрт қою арқылы орманға зиян келтіргені үшін алғаш рет төрт жылға бас бостандығынан айырылды.

Сот Кожуховқа оны қауіпсіздігі барынша төмен қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінде өтеумен көзделген жаза тағайындауға құқылы ма?

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

4. Сот үкімімен Елисеваға ҚР ҚК 322-бабы 1- бөлігімен жасаған әрекеті үшін жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынды.

*Сот үкімі заңға сәйкес келе ме.
Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.*

5. Коротков қойма меңгерушісі бола тұра, өзінің қызмет бабын пайдалана отырып, ұрлық жасады. Жасаған ҚР ҚК-нің 189 б. 2 б. 3 т-мен көзделген қылмысы үшін ол қауіпсіздігі барынша төмен қылмыстық атқару мекемесінде өтеу үшін 3 жылға бас бостандығынан айырылды. Бұрын Коротков адамды өлтірумен қорқытқаны үшін сотты болған, ол соттылығы өтелген.

*Коротковтың жазасы дұрыс анықталған ба?
Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.*

6. Хайрулин ҚР ҚК 255-бабы 3-бөлімімен көзделген қылмысы үшін 15 жылға бас бостандығынан айыруға сотталды..

*Хайрулин түзеу мекемесінің қандай түрінде жазасын өтеуі керек?
Сот Хайрулинге төтенше қауіпсіз қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінде жазасын өтеуді тағайындауға құқылы ма?
Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.*

7. Бұрын қауіпті рецидив үшін сотталған Құлмұқанов жәбірленушінің ауыр қорлауынан туындаған аффект жағдайында жәбірленушінің денсаулығына орташа ауырлықтағы зиян келтірді.

*Құлмұқановтың жазасын өтеу үшін түзеу мекемесінің түрін анықтаңыз.
Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.*

8. Темірболатов атыс қаруын ұрлағаны үшін төрт жылға, кісі өлтіру қаупі үшін екі жылға бас бостандығынан айырылды.

*Қылмыстар жиынтығы бойынша Темірболатовқа қандай жаза тағайындалуы мүмкін?
Бас бостандығынан айырудың мүмкін болатын ең жоғарғы және ең төменгі мерзімдерін, түзеу колониясының түрін көрсетіңіз.*

9. Сот үкімімен Амосов ҚР ҚК 120-бабының 1-бөлігі бойынша бес жылға бас бостандығынан айырылды. ҚР ҚК 120-бабының 1-бөлігінде көзделген ең жоғары жазаны тағайындай отырып сот жауапкершілікті ауырлататын мән-жайларға, Амосовтың кінәсін мойындамағанына, ауыр қылмыс жасағаны үшін өкінбегеніне, сондай-ақ бұндай қылмыстың көп таралуына сілтеме жасады.

Сонымен бірге, Амосов бұрын сотталмағандығы, оның асырауында үш кәмелетке толмаған баласы бар болғандығы, жұмыс орны бойынша оң сипатталадығы сияқты іс бойынша болған жеңілдететін мән-жайларды сот ескермеді.

Сот үкімді дұрыс шығарды ма?

Сот заңда көрсетілмеген осындай жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларға сілтеме жасауға құқылы ма?

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

10. Сыздықов ҚР ҚК 293-бабы 2-бөлігінің «2» т.бойынша 4 жылға бас бостандығынан айырылды. Үш жыл бас бостандығынан айыру жазасын өтегеннен кейін ол сотталуына дейін Нехотяевтен тонау қылмысын жасағандығы туралы № 25 ТК әкімшілігіне кінасын мойындап келді.

Сыздықовқа жазаның түпкілікті шарасы қандай қағида бойынша анықталуы керек?

Сот жазаны тағайындау кезінде қандай жағдайларға сілтеме жасай алады?

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

11. Сот үкімімен Елкин ҚР ҚК 188-бабының 1-бөлігі бойынша үш жылға бас бостандығынан шектелді. ҚР ҚК 63-бабына сәйкес бас бостандығынан айырудың барлық белгіленген мерзіміне пробациялық бақылау тағайындалды.

Сот Елкинге шартты түрде соттауды дұрыс қолданды ма?

Талқылау нұсқаларын жасаңыз?

12. Рыбкин ҚР ҚК 106-бабының 1-бөлігі бойынша 6 жылға бас бостандығынан айырылды. 4 жыл 22 күн өтегеннен кейін ол жазасын одан әрі өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылды. Босатылғаннан кейін бір айдан кейін Рыбкин аз. Мунды бұзақылық ниетпен өлтірді (ҚР ҚК 99-бабы 2-бөлігінің «9» тармағы). Облыстық соттың үкімімен Рыбкиннің әрекеті қауіпті қайталану белгілері бар қылмыс деп танылды.

Сот шешімін талдаңыз.

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

13. Бұрын абайсызда қазаға ұшыратқаны үшін сотталған Рейкин кәмелетке толмаған аз-ша С.-ты зорлады, осы қылмысты жасаған кезде ол жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян келтіріп, оны өлтіремін деп қорқытты. Қылмысты тергеу барысында Рейкин бұрын басқа қалада тұрып, тонау жасағаны анықталды. Рейкин қылмыстық жауапкершілікке тартылып, ҚР ҚК 120-бабының 4-тармағы бойынша 17 жылға бас бостандығынан айырылды және ҚР ҚК 191-бабының 1-бөлігі бойынша 4 жылға бас бостандығынан айырылды.

Рейкиннің түпкілікті жазасын анықтаңыз.

Талқылау нұсқаларын жасаңыз?

14. Волков масаң күйінде таксиге отырмақшы болғанында, өзіне бұрын таныс емес Рахимов автокөліктің алдыңғы орындықта отырғанын көрді. Рахимовтан басқа таксиде оның үш досы отырды, оларға кездейсоқ жолаушы қажет емес еді. Такси жүргізушісі шамадан тыс жүктелген көлікпен жүруден бас тартқан кезде, Волков Рахимовтың кеуде тұсына пышақ салып, Рахимовты өлтірді.

Волковтың кісі өлтірді деген айыппен істің материалдарын қараған сот оның еш жерде жұмыс істемегенін, паразиттік өмір салтын ұстанғанын анықтады. Бұрын Волков екі рет бұзақылық пен қарақшылық үшін сотталған. Сот Рахимовты бұзақылық ниетпен адам өлтіргені үшін ҚР ҚК 99-бабы 2-бөлігінің «9» тармағы бойынша өмір бойына бас бостандығынан айырды.

Прокурордың наразылығы бойынша екінші сатыдағы сот жазаны 15 жылға бас бостандығынан айыру жазасына ауыстырды.

Осы жағдайға құқықтық баға беріңіз.

Сіз қабылданған шешіммен келісесіз бе?

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

15. Жүргізуші куәлігі жоқ Березкин ағасынан досына ауылға бір аптаға бару үшін «Ауди» көлігін беруін өтінді. Шын мәнінде, Березкин алыс аймаққа барып, заңсыз аң аулауға кірісті. Сот Березкиннен өндірілген терілер мен автомашинаны тәркілей отырып, 300 АЕК-ке дейін түзеу жұмыстарына жазалауға ҚР ҚК 337-бабының 1-бөлігі бойынша үкім шығарды. Сотталған адам үш жыл бойы көлік құралдарын басқару құқығынан айырылады.

Сот үкімі заңға сәйкес келе ме?

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚ ПЕН ЖАЗАДАН БОСАТУ

1. 25.03.2021 ж. Гаспарян масаң күйінде болған Уваровты тонады. Осылайша Гаспарян денсаулыққа зиян келтірместен қарсылық көрсетуге тырысқан Уваровқа бірнеше рет соққы берді. Қылмыскердің жеке басы уақтылы анықталмағандықтан, тергеу мерзімі үзілді. 2023 жылы осы қылмысы үшін Гаспарян ҚР ҚК 191-бабының 2-бөлігі бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Тергеу аяқталған кезде іс бойынша Гаспаряның алғаш рет қылмыс жасағаны, бұл әрекетке қатты өкінетіндігі, 2019 жылдан бастап Қарағанды шахталарының бірінде комбайнер болып жұмыс істейтіндігі, жұмыста және тұрмыста оң сипатталатындығы, еңбек жетістіктері үшін наградалары бар екендігі анықталды.

ҚР ҚК 65-бабын Гаспарянға қолдануға бола ма?

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

2. Секишев құрылыс басқармаларының бірінің шебері болып жұмыс істей жүріп, жүргізуші Рыбкинмен сөз байласып, салынып жатқан объектіден 184000 теңге сомаға кірпішпен қапталған 8 паллет ұрлап әкеткен, оны қылмыскерлер автокөлікпен шығарып, жеке тұлғаларға сатқан, ал сатудан түскен ақшаны өзара бөлген.

Ұрлықтан кейін үш жыл бойы Секишев адал еңбек етті, жоғары өндірістік көрсеткіштерге қол жеткізді, техникалық университеттің қашықтықтан оқыту бөліміне оқуға түсті, қоғамдық өмірге белсенді қатысты. Секишев өзінің қоғамға қарсы іс-әрекетінде өкініп, полиция органдарына келіп, Рыбкинмен бірлесіп жасаған ұрлау фактісі туралы айтты.

Секишевті қылмыстық жауапкершіліктен босату мүмкін бе?

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

3. Буряк мүлікті ұрлау мақсатында азаматтарға тиесілі заттарды ұрлау мақсатында шабуыл жасайтын банданың мүшесі болды. Банда Буряктың қатысуымен Масловты өлтірді, содан кейін топ бөлініп, оның мүшелері қашып кетті. Қылмыс жасалғаннан кейін 15 жыл өткен соң, басқа фамилиямен өмір сүрген Буряк әшкереленіп, қылмыстық жауапкершілікке тартылып, 15 жылға бас бостандығынан айырылды.

Сот үкіміне баға беріңіз.

Бұл жағдайда ҚР ҚК 69-бабын қолдануға негіз бар ма?

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

4. Рамкин 16 жасында ҚР ҚК 293-бабы 2-бөлігінің «2» тармағында көзделген бұзақылық жасады, ол үшін үш жылға бас бостандығынан айырылды. Бір жыл өтегеннен кейін ол өзін оң жағынан көрсеткендіктен жазадан шартты түрде мерзімінен бұрын босатылды.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғаннан кейін үш ай өткен соң Рамкин ұрлық жасады және ҚР ҚК 188-бабының 1-бөлігі бойынша бір жылға бас бостандығынан айыруға, ал ҚР ҚК 60 - бабын қолдана отырып-үш жылға бас бостандығынан айыруға сотталды.

Сот Рамкинге жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды дұрыс қолданды ма?

Рамкинге жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату қайта қолданылуы мүмкін бе?

18 жасқа дейінгі қылмыс жасаған адамдарды жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату негіздерін көрсетіңіз.

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

5. Бұрын бірнеше рет сотталған Шаймерденов 15.11.2021 жылғы сот үкімімен ҚР ҚК 293-бабының 3-бөлігі бойынша төрт жылға бас

бостандығынан айырылды. Қарағанды қаласы Қазыбек би атындағы аудан сотының 24.02.2023 ж. ұйғарымымен ол жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылды. Одан бұрын Шаймерденовке қатысты жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату қолданылған.

Сот Шаймерденовке қауіпсіздігі барынша жоғары қылмыстық-атқару мекемесінен жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы ұйғарымды негізді қабылдады ма?

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

6. Крошкин 2010 жылы сот үкімімен адам өлтіргені үшін он бір жылға бас бостандығынан айырылды. 2022 жылы жазадан босатылды. 2023 жылдың шілдесінде Крошкин өзінің жұмыс орнында жеке ісін қайта рәсімдеуді және соттылықты өтеу туралы тиісті құжаттарда енгізуді талап етті.

Крошкиннің талаптары заңды ма?

Соттылықты алу мен өтеудің айырмашылығы неде?

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

7. Матханов дәрігер-терапевттің қабылдауында болған соң, кабинетте соңғысының жоқтығын пайдаланып, құны 14800 теңге болатын тонометрді ұрлап кеткен. Прокуратура осы факт бойынша қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы шығарды, себебі Матхановтың іс-әрекеттері болмашылығына байланысты қоғамдық қауіп төндірмейді және тек ресми түрде ұрлық белгілерін қамтиды.

Іс-әрекеттің болмашылығы қылмыстық жауапкершіліктен босатуға негіз бола ма?

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

8. Табашев қатты мас күйінде 2017 жылдың 2 қаңтарында Сабаховты бұзақылық ниетпен өлтірді. Ол жасаған әрекеті үшін жауапкершіліктен қорқып, ауылынан қашып, Ақтөбе қаласында туыстарында тұрды.

2023 жылдың 12 қаңтарында автобуста ол офицер Кенжебаевтың жеке куәлігін ұрлап, оны өз атына қолдан жасаған. 16 қаңтарда Табашев ұсталды.

Қылмыстық құқық бұзушылықты жасау мерзімін қолдану туралы мәселе Табашевке қатысты қалай шешілуі керек?

Егер ол бірінші қылмыстық құқық бұзушылық жасалғаннан кейін он жыл өткен соң ұсталады деп болжанса, кінәліні жауапқа тартуға бола ма?

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

9. Қорқытып алу қылмысына қатысқаны үшін екі ай бас бостандығынан айырылған азаматша Харамова жүкті болуына байланысты оны одан әрі жазасын өтеуден босатуды сұрады.

Егер жүктілік фактісі шындыққа сәйкес келсе, сот қандай шешім қабылдауы мүмкін?

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

10. 2019 жылдың 5 қаңтарында азамат Магамбетов ұрлық жасағаны үшін бір жылға бас бостандығынан айыруға сотталды. Сот хатшысының кінәсінен үкім орындалмады және оны орындау туралы мәселе 2023 жылдың 5 қаңтарында ғана көтерілді.

Үкім орындалуға жатады ма?

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

11. Шымкент қаласының соты Азамат Мальковқа есірткіні заңсыз сақтағаны үшін 3 жылға бас бостандығынан айыру жазасын тағайындады. Бір жыл бас бостандығынан айырылғаннан кейін, Мальков ауыр айықпас аурумен ауырды.

Оны жазасын өтеуден босату мүмкін бе?

Ауру үшін жазадан босатудың негіздерін атаңыз.

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

12. Медициналық комиссияның қорытындысы бойынша қасақана адам өлтіргені үшін ұзақ мерзімге бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жатқан Назаров менингитпен ауырып, мидың органикалық зақымдануы негізінде дамитын дебильділік белгілерін көрсете бастады. Медициналық комиссияның қорытындысы негізінде Назаровтың отбасы ауруына байланысты жазадан босату туралы өтінішпен сотқа жүгінді.

Осы мән-жайлар бойынша Назаровты жазадан босату мүмкін бе?

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

13. Үш жылға бас бостандығынан айыруға сотталған азамат Бочкинге оның түзелуіне байланысты жазаның өтелмеген бөлігі (1 жылға бас бостандығынан айыру) неғұрлым жеңіл жазамен - бір жылға бас бостандығын шектеу жазасымен ауыстырылды.

Бұл жағдайда соттылықтың өтеу мерзімі қанша?

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

14. 100 АЕК түзеу жұмыстарына сотталған Қытай азаматы алты ай мерзімін өтегеннен кейін сотқа шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы өтінішпен жүгінді.

Сот қандай шешім қабылдауы керек?

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

ЖЕКЕ АДАМҒА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ САРАЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

1. Козаченко өзінің келіні Юроваға ұнамсыз қарап, бірнеше рет онымен ұрсысып, ұлын келініне қарсы қойды. Юрова жүкті болды, ал бала туылғаннан кейін Козаченко бұл баланың ұлынан емес екенін айтты, көршілері мен туыстарына Юрованың «оны көршісінен асырап алғанын» айтты. Козаченконың ұлы да әйеліне сенімсіздік білдіре бастады, оны ұрды. Жанжалдардың бірінде Юрова баланы ұстап алып, оны Козаченкоға тастады. Бала қайтыс болды.

Юрованың іс-әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылықтың белгілері бар ма?

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

2. Иванов өзінің танысы Васиннің әйелімен бірге тұру үшін Васинді өлтіруге шешім қабылдады. Жаңа жылдық мерекелер кезінде Иванов отшашу сатып алып, олардың біріне қолдан жасалған снарядын қойды. Мереке кезінде Васин және оның достары: Соколов, Петров және Душин балконға отшашуды жаруға барды. Үлкен жарылыс болып, Петров өлді, ал қалғандары ауыр жарақат алды.

Ивановтың жауапкершілігі туралы мәселені шешіңіз.

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

3. Холина күйеуінен құпия түрде ұзақ уақыт бойы Самонинмен кездескен. Холинаның күйеуі бұл туралы күдіктеніп жүрді. 15 мамырда Самонин Холинаға тоңазытқыш цехына келді. Осы кезде Холина күйеуінің цехқа бара жатқанын көрді. Ол Самониннен тоңазытқышқа жасырынуын өтінді және оны жауып тастады. Күйеуінің күтпеген келіп қалуынан қобалжыған Холина, күйеуінің дереу үйге бару туралы талабына бағынады. Үйде ол Самонинмен жасырын кездесулерін мойындады, ол үшін күйеуі оны қатты ұрып-соғып, қамауға алып, өзі жұмысқа кетті.

Келесі күні Холина тоңазытқышта мұздатылған Самонинді тапты.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективті және объективті жағына талдау жасаңыз.

Холинаның әрекеттерін анықтаңыз.

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

4. Николаев өзі жұмыс істеген кеме жөндеу зауытының кассасынан ақша ұрлауды шешіп, кассирдің жұмысын бақылай бастады. Кассада үлкен ақша бар екеніне көз жеткізгеннен кейін, жұмыстан кейін ол касса мен сейфтің кілттері бар Озерованың артынан аңдыды. Озероваға шабуыл жасап, басынан екі рет жұдырықпен ұрды, бұл оны есінен тандырды. Ол Озерованы бұталарға сүйреп апара жатқанда, Озерова есін жиып айқайлады. Содан кейін Николаев жәбірленушінің басына таспен соғып, белбеуімен тұншықтырды.

Қайтыс болған адамнан касса мен сейфтің үй-жайының кілттерін алып, Николаев зауыт басқару ғимаратына келіп, терезе арқылы осы ғимаратқа кіріп, ұрланған кілттермен кассаның үй-жайының есігін ашты, содан кейін сейфтен он миллион теңге ұрлап кетті.

Николаевтың ісін саралаңыз.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісін анықтаңыз. Бұл жағдайда саралаушы белгілер бар ма?

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

5. Ішімдік ішкеннен кейін зорлау мақсатында Зверев мас күйінде болған жәбірленуші Ж-ны салынып жатқан ғимараттың бірінші қабатындағы баспалдақтың астына апарды. Ж. онымен өз еркімен жыныстық қатынасқа түсуден бас тартқаннан кейін, ол жәбірленушінің бетіне қатты соққы беріп, жыныстық қатынас жасауға тырысты. Ж-ны шешіндіріп, өзі де шешіне бастады, бірақ жәбірленуші оған қатты қарсылық көрсетті. Қарсыласуды басу үшін және қарсыласқаны үшін кек алу үшін Зверев оны қатты ұрып-соғып, қорлады: үлкен күшпен жұдырығымен және аяқтарымен дененің әртүрлі бөліктеріне 20-ға жуық соққы, басына 11 соққы беріп, оған бас сүйек-бет жарақатын және жәбірленушінің өліміне әкеп соқтырған басқа да көптеген дене жарақаттарын келтірді.

Қол сұғушылық объектісін анықтаңыз.

Зверевтің іс-әрекетін саралаңыз.

Зверевтің іс-әрекетінде қылмыстың саралаушы белгілері бар ма?

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

6. Зайцев 15 жасар өгей қызы Маркинаны қамшымен және белбеуімен жүйелі түрде ұрып-соққан. Соңғы рет ол жәбірленушінің бетінің тұрақты өзгеруіне және бір көзінің көру қабілетінен айырылуына әкеліп соқтыратындай басын оқтаумен ұрыған. Анасы мен өгей әкесі жұмысқа кеткенде, жәбірленуші 5-қабатта орналасқан пәтердің терезесінен секіріп, қайтыс болды.

Қол сұғушылық объектісін анықтаңыз.

Зайцевтің істеген ісін саралаңыз.

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

7. Самойлов келесі жағдайларда жасалған кісі өлтіргені үшін кінәлі деп танылды. Сағат 23.00 шамасында Самойлов мас күйінде бола тұра, жазғы коттеджде Губайдулинмен себепсіз жанжал шығарды, оның барысында ол соңғысын өлтірмек болды, оған жақын қашықтықтан қолдан жасалған мылтықтан оқ атылды. Оқ атқаннан кейін Самойлов Оразовтың саяжайына қашып кетті, тапаншаны қайта жүктеді және ол бұрын жасаған кісі өлтіру әрекетін жасыру үшін Губайдулинді өлтірді.

Самойловтың әрекеттеріне баға беріңіз.

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

8. Ли жезөкшелікпен айналысу мақсатында құрбысымен бірге Атырау қаласына келді. Ол Кругловтан пәтер жалдады. Круглов оның құжаттарын алып қойып, дәрекілік және қатығезділік танытып, жиі ұрып-соғып, оның еркіне қарсы жыныстық қатынасқа мәжбүрле отырды. Оны өлтіремін деп қорқытқан Кругловтан үнемі қорқып, ол өзін қорғаусыз сезініп, қалыптасқан жағдайдан шығу жолы жоқ деп санады.

Бірде Ли Мен Круглов екеуі пәтерде болды, онда Ли оған бұдан былай жұмыс істемейтінін және кететінін айтты. Оның сөзіне Круглов ашуланып, оны ұра бастады, басын шкафқа ұрды, киімін шешіп, іш киімін жыртып алды және оның айқайына мән бермей, сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекетін жасады. Содан кейін Ли ас үйге жүгіріп барып, ас үй пышағын алып, Кругловтың кеудеге тұсына, ішіне, қолына және аяғына 26 рет пышақ сұққан. Олардың 16-сы іш пен кеудеге, жүрекке, өкпеге, бауырға және бүйрекке еніп, денсаулыққа ауыр зиян келтірді. Круглов алған жарақаттарынан оқиға орнында қайтыс болды.

Адам өлтіру қылмысының құрамы мен саралаушы белгілеріне заңды талдау жасаңыз.

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

9. Ни мен Виталиченко арасында жанжал болды, нәтижесінде Виталиченкомен бірге тұратын Уварованың көзінше Витальченконы өлтірді. Сотқа дейінгі тергеу органдары мен соттың шешімі бойынша Ниның әрекеті ҚР ҚК 99-бабы 2-бөлігінің 5-тармағы («аса қатығездікпен жасалған») бойынша саралады.

Алайда, Виталиченко мен Уварова ерлі-зайыптылар емес екенін айтып, Ни іс-әрекетінің саралануымен келіспей, апелляциялық шағым түсірді.

Адам өлтіру құрамы мен саралаушы белгілеріне заңды талдау жасаңыз. «Жақындары» санатына жататын адамдардың шеңберін көрсетіңіз. Оларға заңды некеде тұрмаған адамдар кіре ала ма?

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

10. Серіков мас күйінде, онымен бірге жұбайы, ұлы және келіні тұратын үйіне келді. Сериков пен соңғылардың арасында жанжал туды. Оның барысында Сериков айқын дене бітімінің артықшылығына ие бола отырып, келіні мен ұлына ми жарақаттарын келтірді. Келіні мен ұлы алған жарақаттан қарсылық көрсете алмады және кінәліге қауіп төндірмеді. Осыған қарамастан, Серіков бақшаға барып, сол жерден металл түйреуішті алып, ұлына келіні мен анасының көзінше өмірлік маңызды ағзаларына бірнеше рет соққы берді, ол сол жерде қайтыс болды, содан кейін жұбайының көзінше ол келінінің денесінің әртүрлі бөліктеріне он пышақ жарақатын салды, бұл соңғысының орнында қайтыс болуына себеп болды.

Серіковтың іс-әрекетін анықтаңыз.

Талқылаудың нұсқаларын жасаңыз.

11. Бериков Шахтерлер көшесі 27 үйде орналасқан «Индиго» түнгі клубына баруға шешім қабылдады, бірақ қатты мас күйінде оны залға кіргізбеді. Бұған ашуланған Бериков үйіне оралды, тағы ішімдік ішіп, түнгі сағат 2-де клубқа оқдәрілермен жарақталған кесілген аң аулау қаруымен және жауынгерлік гранатамен оралды. Мұнда оны «ренжіткенін» есіне алып, чекті жұлып алып, гранатаны жастар тобына лақтырды, содан кейін оларға аң аулауға арналған кесілген қарумен ата бастады. Осы әрекеттердің нәтижесінде түнгі клубқа келушілердің төртеуі оқиға орнында қайтыс болды, үшеуі денсаулығына ауыр зиян келтірді, екеуіне орташа ауырлықтағы зиян келтірілді.

Бериковтың іс-әрекетін саралаңыз.
